



ҰЛТТЫҚ ТАРИХ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ТАРИХШЫ МАМАНДАР ДАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

Болат ЖҰМАҒҰЛОВ

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Тарих факультетінің деканы, т.ғ.к., профессор, Алматы қ.*

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Біз ұлттың тарихи санасын қалыптастыру жұмысын жалғастыруымыз керек» деген еді. Бұл кәсіби тарихшылардың алдына орасан зор міндеттер мен жауапкершілікті жүктейді. Себебі қазіргі және болашақ ұрпақ халқымыздың осы күнге дейінгі жүріп өткен жолы, қиын да қилы тарихи кезеңдері туралы мағлұматтарды осылардың еңбегі арқылы біліп, зерделеріне түйеді. Сондықтан тарихтың шынайы және объективті түрде жазылуы үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Өткен жылғы Қазақстан Республикасының ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында қазіргі таңда тарих ғылымның рөлінің өзгергені қадап көрсетілді.

Ендігі жерде тарихшы фактілерді тізбелеп, суреттеп отырушы, оқиғаларды тек «тіркеуші» емес. Ендігі жерде тарихшы «пайымдаушыға» – зерттелетін уақыттың ішкі мағынасына ой жіберетін ғалымға, фактілерді жай зерттеп қана қоймайтын, нақты қоғамның құндылықтарын, жөн-жосықтарын, моральін «түсінуге» қол жеткізетін ғалымға айналуда тиіс, – делінді отандық тарихшы-ғалымдардың алдына шынайы тарихымызды жазудың міндетін кою еді.

Жалпы, қазір тарихты кім болса сол өзінше жазатын жағдайлар көптеп кездеседі. Меніңше шынайы тарихты кәсіби тарихшылар негізгі дерек көздеріне сүйене отырып жазғаны дұрыс. Олай болмаған жағдайда біраз уақыттан кейін болашақ ұрпақ ұлтымыздың тарихының қайсысы шынайы, қайсысы ойдан шығарылған тарих екендігін айыра алмай қалады.

Ал, бұл жағдай тарихты жетік білмейтін, негізгі дереккөздерімен жұмыс істемеген, шынайы тарих пен жалған дүниелерден тұратын тарихты ажырата алмайтын мәңгүрттікке әкелері анық.

Сондықтан, кәсіби тарихшылар нақты тарихи деректерге сүйене отырып, әртүрлі пікірталастар ұйымдастырып, аяғында бір қорытындыға келіп

қана жұртшылыққа тарихтың белгілі бір кезеңіндегі оқиғаларды ұсынғаны дұрыс.

Кеңес үкіметі жылдарында жарық көрген «Қазақ ССР тарихы», «Қазақстан тарихында» да еліміздің, жеріміздің тарихы социалистік идеологияға икемделіп жазылып келді. Кеңес Одағы құрамындағы орыс емес халықтар тек сөз жүзінде «өзара тең» деп айтылып, іс жүзінде теңсіздік өмір сүріп жатты. Нәтижеде, Кеңес үкіметі құлап, оның қарамағындағы республикалар егеменді елге айналды. Оның себептерін Н.Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты монографиясында ашық, айқын баяндаған: «Бұл көбіне-көп ұлттың дербессіздігі үшін, бірлігі болмағандығы үшін және соның салдары ретінде, алдыңғы кезеңдердегі даму қарқынын жоғалтқаны үшін тартқан жазасы еді. Адамзат тарихында бұрын болып көрмеген идеологиялық машина 70 жыл бойы ұлттың рухани тіректерін күл-талқан қылып қиратты, оның руханиятын кесіп-пішіп шұнтитты да, ортақ бір қалыпқа салып шегендеді».

Осы еңбегінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев 70 жылдай дәуірлеген Кеңес Одағының тарих сахнасынан қалай түскенінің себептерін ғылыми тұрғыдан тұжырымдаған. Осындай жағдайда, қазақ халқы тарихының шынайы ғылыми тұрғыда жазылуы мүмкін емес екендігі өзінен-өзі белгілі. Кеңес үкіметі жылдарында қазақ халқының тарихы жеке кітап және бес том болып жарық көруі қуанышты жағдай. Себебі, арнайы ұлттық тарихымыздың негізі салынды. Бірақ тоталитарлық тәртіп кезінде жарық көрген тарихымыз, Қазақстан тарихы бойынша сол кездегі оқулықтарымыз бен оқу құралдарымыз да ақтандақтарға бай еді. Оны шын мәніндегі Қазақ ұлтының тарихы деп қабылдау қиын.

Енді тереземіз тең, тәуелсіз Қазақстан Республикасы болып алға өрлеген жағдайда, «Қазақстан тарихын» жиналған археологиялық-этнографиялық, ауызша және жазбаша бай деректерді кешенді түрде зерделеудің нәтижелеріне сүйене отырып, ғылыми тұрғыдан қайтадан жазуды еліміздің алдыңғы қатарлы ғалымдарының қолға алуы көп үміт күттіреді.

Әсіресе, өткен жылғы Қазақстан Республикасының ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомстволық жұмыс тобының кеңейтілген отырысындағы бастамадан кейін тарих ғылымында жаңаша серпіліс пайда болып, жұртшылықтың тарих ғылымына деген көзқарасы түбегейлі өзгерді. Еліміздің тарихшы ғалымдары «Халық тарих толқынында» атты бағытпен біраз игі істерді жүзеге асырды. Әсіресе, шет елдердің мұрағаттарында жатқан еліміздің тарихына байланысты жазба деректердің бай қорының жиналуы қуанарлық жағдай.

Алға қойған мақсаттарды іскерлікпен жүзеге асыруға Республика ғалымдарының толық мүмкіншілігі бар. Сондықтан соңғы кезде әуеніне айналып бара жатқан шетелдік ғалымдарға төрден орын беріп, олардың айтқанына бас шұлғи берудің көп қажеті жоқ сияқты. Олардың пікіріне сыни көзбен қарап, өз еліміздің, халқымыздың түбегейлі тарихын өзіміз ғана жазғанымыз дұрыс.

Ең алдымен тарихи нақты дерек көздеріне сүйене отырып тарихи шындыққа қол жеткізу керек. Себебі, қазір тарихты жазушылар да, журналистер де, тіпті инженерлер т.б. жазып жүргені баршаға аян. Міне, тарихи ақиқатқа

қол жеткізіп алып, жұртшылыққа шынайы тарихты, шындықты ұсынғанымыз дұрыс. Әрине, кей жағдайда ол онша жақсы да болмас, бірақ өткенде болған тарихи оқиға қолайсыз деп одан қашуға болмайды ғой. Жақсы болсын, жаман болсын ол халқымыздың өткен жолы, оны ұнамайды екен деп сызып тастауға болмайды. Керісінше, одан сабақ алып, халқымыз өткен тарихынан тәжірибе жинақтап ілгері баспай ма?

Жоғарыдағы аталған отырыстағы Білім және ғылым министрлігіне Қазақстан тарихы бойынша екі базалық оқулықты: Ежелгі заманнан күні бүгінге дейінгі ұлттық тарих және Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі заман тарихын дайындау және оны оқу үдерісіне енгізудің жоспарын дайындап, оны Ведомствоаралық жұмыс тобының қарауына ұсынуды тапсыруы

Жоғары оқу орындары қызметкерлерін алаңдатып жүрген мәселенің түйінін шешкендей болды.

Себебі, соңғы кезде жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын оқыту бағдарламасын қысқарту, тіптен алып тастау туралы қозғалып жүрген пікірлер көпшілікті алаңдатқаны рас.

Мейлі ол қандай мамандықтың иесі болсын ұлтының, елінің, өзінің өмір сүріп отырған мемлекетінің тарихын білуге және оны құрметтеуге тиіс. Сонда ғана елін, жерін сүйетін патриот кадрлар дайындаған болар едік, ал олар өз кезегінде халқына адал қызмет атқаратын, өз ісіне адал берілген кәсіби маман болып шықпай ма? Тіпті, біз үлгі тұтып жүрген шет елдерде де сол елдің тарихы оқытылады.

Егер осы тұжырымдама ойдағыдай болып жүзеге асар болса, көпшілікті алаң қылған мәселелер өздігінен-ақ шешілген болар еді.

Үстіміздегі оқу жылынан бастап жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын барлық мамандықтарға міндетті пән ретінде енгізіп, бөлінген сағаттарды, мемлекеттік емтиханды қалпына келтіру және кезінде жабылып қалған. Қазақстан тарихы кафедраларын қайтадан ашу тарих ғылымына мемлекет тарапынан көрсетілген үлкен қолдау.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жана басшылығына енді «5B011400 – тарих» және «5B020300 – тарих» мамандықтарына бөлінетін мемлекеттік білім беру гранттарының санын ұлғайтуды сұраған жөн сияқты. Себебі, бұрынғы басшылық кезінде 2013–2014 оқу жылына бөлінген мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жоғарыдағы екі мамандыққа бар болғаны 160 (90+70 тиісінше) грант бөлінсе, «Шет тілі: екі шет тілі (ағылшын тілі)» мамандығының өзіне ғана 907 грант, ал «5B010900 – математика» мен «5B060100 – математика» мамандықтарына – 580 (420+160 тиісінше) орын берілген екен. Осы мәселе де оңтайын тауып дұрыс шешілсе нұр үстіне нұр болған болар еді.

Әрине, Қазақстан тарихының көкейкесті мәселелері осы шаралардың нәтижесінде толық шешімін тапты деп айта алмаймыз, енді осы игі шараларды әрі қарай жалғастырып, оны жүзеге асыру, ендігі қалған жұмыстарды абыроймен атқару еліміздің тарихшы-ғалымдарының алдына орасан зор міндеттер жүктейді. Тарих ғылымымен айналысатын ғалымдар болашақ ұрпақ алдында

тарихтың шынайылығы мен объективтілігі үшін жауап беретіндігін әр уақытта естен шығармауы тиіс.

Сонымен қатар болашақ тарихшы-ғалымдарды дайындау ісі де маңызды мәселе. Қазіргі күнде елімізді әлемдік деңгейдегі білім орталығына айналдыру туралы биік мақсат қойып отырған Мемлекет басшысы жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеушілік қызметін дамытуға баса назар аударып келеді. Әлемдегі дамыған елдердің қатарына қосылуға бағыт алған мемлекетімізде ғылымның дамуына да ерекше көңіл бөлініп отырғанын білеміз. «Жаңа технологиялық толқын жалына жармасып, теңдессіз инновациялар жасау барлық елдің қолынан келе бермейді. Біз осыны түсінуге тиіспіз. Сондықтан біз өте шынайы, барынша прагматикалық стратегия құрғанымыз жөн. Біз шығыны көп емес зерттеулер мен әзірлемелерге ден қоюға тиіспіз», – деген Елбасы сөзі ең алдымен ғалымдарды ойландыруы тиіс.

Күн тәртібіндегі күрделі мәселенің бірі ғылыми зерттеулерді әлемдік деңгейге шығару, сол арқылы жаһандық технологиялық төңкерістің бөлшегіне айналу, ғылым мен бизнестің толыққанды кооперациясын қалыптастыру. Осы ретте қазіргі қолданыстағы «Ғылым туралы» Заң экономиканың дамуына серпін беретін ғылымды басқарудың түбегейлі жаңа тетіктерін өмірге енгізіп келеді.

Университетіміздегі соңғы кезде болашақ педагог-мамандарды дайындауда біраз шаралар жүзеге асырылуда. «Тәуелсіз елдің ертеңі өскелең жас ұрпақта. Оның бойында тәрбиенің бес көзі: дінін, тілін, салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, тарихын, ділін қадірлей білуге, қалыптастыруға баулу тәрбиедегі басты міндет. Қазіргі аумалы-төкпелі заманда елдің жетістігін дәріптеп, отан дегеніміз не, ел үшін еңбек етудің маңызын түсіндіре отырып, елін, жерін қорғауға деген патриоттық сезімін оятуды, құрметтеу сияқты құндылықтарды уағыздауды» басты мақсат етіп алған, қазіргі таңда бүкіл Республика педагогикалық оқу орындарында жалғасын тауып отырған «Ұлттық тәрбие» бастамасы Елбасының болашақ Қазақ елі туралы Жолдауындағы білім және тәрбие мәселесі туралы ойларымен үндестік тауып отыр.

Университетіміздегі білім берудің жоғарғы сапаға көтерілуі, Республикамыздағы үздік 10 университеттің ішіндегі мақтауға тұрарлық орында болуы, педагогикалық университеттердің көрсеткіштері бойынша бірінші орында тұруы еңбек нарығында өз орнын табуға қабілетті, жоғарғы білікті мамандар дайындауда маңызды міндеттерді дұрыс қоюға және оны дұрыс шешуге мүмкіндік береді.

Жоғары білімнің «Қара шаңырағы» ретінде ірі тарихи және мәдени мұраны иемдене отырып, университет әлемдік білім беу кеңістігінде қазақстандық білімнің мәртебесін нығайтуда.

Осы игі бастамаларға атсалысып, бүгінгі әлемдегі өзгерістерге икемделуге қабілетті жоғары білікті мамандар, ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандар даярлап, еліміздің болашағы – қазіргі студенттерге кәсіби білім беруде тарих факультеті де өз үлесін қосуда.

Факультетімізде еліміздің түкпір-түкпір ауылдарынан келген студент балаларымызды заманауи технологияларды пайдалана отырып оқытуға, алыс-жақын шет елдердің озық тәжірибелерімен таныстыруға мүмкіндік бар. Ең қуантатын нәрсе – мемлекеттің осы қамқорлығын жақсы түсінген жастарымыз білім-ғылымға, жаңалыққа құштарлық танытуда.

Факультет оқытушылары мен студенттері «Современные трансформации, экономические и социально-политические процессы», «Тәуелсіз мемлекет және азаматтық қоғам құрудағы қазақстандық тәжірибе: тарих және тағылым» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен «Тәуелсіздік-Елбасы-Ел бірлігі» атты Қазақстан халқы Ассамблеясы өткізген конференция және Қазақстан республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиямен бірігіп өткізген «Садықов оқулары: білім беру кеңістігіне инновациялық технологияларды енгізу мәселелері және жолдары» атты тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға (26–28 қыркүйек 2013 ж.), «Нематериальное культурное наследие народа Республики Казахстан: современное состояние и перспективы развития» 8–9 июня 2012 г., «The 10th Annual Conference of the Bulgarian Comparative Education Society (BCES)» (Kyustendil, Bulgaria, 12–15 June 2012), «Тұлға және халық тарих толқынында» атты VII Қасымбаев оқулары» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция (24 желтоқсан 2013 ж.) т.б. халықаралық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге белсене қатысты.

Бұл шаралар «Халық тарих толқынында» атты республика көлеміндегі тарихшы-ғалымдардың жаңа ізденістерімен үндестік тауып, сол игі бастамаға факультет ұжымы тарапынан қосқан аз да болса үлесіміз болмақ.

Факультет ұжымы «Елімізге қажетті кадрларды дайындау!» деген ұранға сай болып, ел болашағына қызмет ететін болашақ тарихшыларды дайындауда. Біздің ең басты идеямыз – Қазақстанның болашағына деген нық сенім. Барлық сыртқы және ішкі қиыншылықтарды, қайшылықтарды шеше отыра Қазақстан міндетті түрде әлемдегі ең озық мемлекеттер қатарына кіретіндігі ақиқат. Ол үшін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, біріккен және белсенді еңбек үрдісін тоқтатпауымыз керек.